



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№30/518

28 июля 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

Қыс қамыңды жазда ойла!

Общественная жизнь

### КӨШПЕЛІ КЕҢЕС НЫСАНДАРДЫ КӨРДІ

Өткен жұмада Приозерск қаласы бойынша аумақтық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшелері «Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Темірхан Айдарханов және «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру бас-

жұмысын бастап кететін сынағайы.

Қаладан шығарылатын қоқыстарды тастайтын алаңда болдық. Бұрыннан келе жатқан, жан-жағы ашық болғандықтан қатты жел тұрғанда жеңіл қоқыстар ұшып, шашылып қалатын және қайта қалаға енетін болғандықтан қала басшылығы осы мәселеге ерекше назар аударды. Кәсіпкер Мұрат Нарымбетов аталмыш қоқыс төгетін орынды өз бақылауына алып, жалпы аумағы 1 шақырым 200 метр болатын аумақты сым тор қоршаумен толық қоршап тастаған екен. Бұл өз кезегінде тасталған қоқыстың желмен жан-жаққа ұшып кетуден қорғайды. 2014-жылы құрыла бастаған шығынды суларды тазалайтын кешенді нысан анадайдан көз тартады. Түгел қызыл кірпіштен салынған бұл нысан қаладан құбыр арқылы ағып шығатын шығынды суларды осы жерде бірнеше рет тазалаудан өткеріп, соңында тазаланған суды егін суаруға, қатты қалдықтарын тынайтық ретінде пайдалануға жаратады. Тазалау жұмыстары толық автоматты түрде, компьютердің бақылауымен жүргізіледі. Заманауи үлгіде жасалған қондырғылардың су тазалау қуаты жоғары. Қандай да бір жағдайда апатты жағдайдың нышаны білінсе, қондырғылар автоматты түрде жұмысын тоқтатады. Аталмыш нысанның құрылыс жұмысы биыл толық аяқталып, алдағы уақытта жұмысын бастап кетпекші.

«Қыс қамыңды жазда ойла!» дейтін қазақтың мәтеліне орай қала бойынша коммуналдық нысандарды алдағы қысқа дайын-



қармасы» бастығының орынбасары Оспан Қаланбоевмен біргелікте қала көшелеріндегі, қиылыстардағы және мекемелер маңындағы жөнделіп жатқан жолдар мен құрылатын ойын алаңдарын, аула алдыларын, орнатылатын отырғыштар мен қоқыс салғыштарды, №1 жылу қазандығын және қала сыртында салынып жатқан шығынды суларды тазалайтын нысандарда коммуналдық нысандарды бақылау бойынша көшпелі кеңес өткізген болатын. Көшпелі кеңес басты назарды №1 қазандықтағы ағымдағы жөндеу жұмыстарының қалай атқарылып жатқандығына аударды.

Мұндағы жөндеу жұмыстарының басым көпшілігі аяқталып үлгеріпті. Жөндеудің қарқынды жүріп жатқаны байқалады. Маманданған жөндеуші жұмысшылар негізгі қазандықтардың бәрін толық тазалап болып, жұмысын бастауға сақадай сай етіп қойған. Сорғылар қайта орналастырылып, экономайзерлердің де басымы жөндеуден өткен. Тозығы жеткен қисық құбырларды ауыстыру жұмысына дайындау жұмысы қызу жүрде. О.Қаланбоев қазандықтағы жөнделіп жатқан құрылғылардың әрбірімен толыққанды таныстырып шықты.



Т.Айдарханов мазут отынының алғашқы легі қыркүйек айынан бастап келе қалатынын айтты. Қаланың тіршілігінде өмірлік маңызы бар қазандық өз уақытында

дау жұмысының қызу қарқынмен жүріп жатқанының куәсі болып қайттық.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
Кеңес мүшесі.

Суреттерде: маңызды нысандарда

### О РАБОТЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО СОВЕТА МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК

25 июля текущего года в актовом зале аппарата акима города Приозерск состоялось очередное заседание территориального Совета местного самоуправления по городу Приозерск.

В заседании Совета принимали участие председатель и члены Совета, руководители государственных учреждений и услугодатели города.

На повестке дня рассматривался вопрос о проделанной работе и о принятых мерах по предупреждению преступности, пропаганде нетерпимости к совершению правонарушений за I-е полугодие 2017 года.

С информацией о проведенной работе

выступил начальник ОВД г.Приозерск Уразбаев Е.К.

Участниками заседания поднимались вопросы о работе участковых инспекторов полиции, о качестве питьевой воды и другие.

По результатам проведенного заседания председателем Совета М.Сахаловым даны соответствующие рекомендации руководителям государственных учреждений и услугодателям города.

**Территориальный Совет  
местного самоуправления  
по городу Приозерск**



аумағында болып, елеміздің жетістіктерімен танысты. Одан соң әлемдегі Жапония, Қытай, Франция т.б. көптеген дамушы елдердің халық алдына шығарған жетістіктерімен танысты. Әр қилы өркениеттердің ұлттық құндылықтарын, заманауи өнер көрмелерін, техникалық табыстарын көзбен көріп, қолмен ұстап тамашалады.

—Бізді осынау ғалам ғажайыбына теңдес болып тұрған халықаралық көрмеге тегін жолдамамен жіберуге атсалысқан қала әкімі

Қайрат Амангелдіұлына, оның қызметкерлері Б.Ә.Қазиева мен Г.Қ.Шарбековаға ардагерлер атынан алғысымыз шексіз. Бізге құрмет көрсеткен олардың да ел-жұрттың құрметіне бөлене берері анық. Біз бұл көрмеден үлкен әсермен оралдық. Еліміздің әлем алдындағы беделі мен абыройын арттырып жатқан осындай қомақты мәртебе біз арта берсін деп тілейміз, - дейді Ж.Қ.Қармысова.

**Н.ӨТЕП**

### АРДАГЕРЛЕР – ЭКСПОда



Приозерск қаласы Ардагерлер кеңесінің 30 жылдық мерейтойында осы кестінің төрағасы Жарасқы Қармысқызына қала әкімі Қайрат Амангелдіұлының Қазақстан Республикасында, тіпті орта Азия елдерінде алғаш өткелі отырған «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін тамашалауға сыйлық ретінде билет тапсырғаны, бұны жиналғандардың қолтап-қуаттағаны есімізде. Аталмыш көр-

ме басталған соң әкімшілік тарапынан өмірдің талай сынағынан өткен, әлі күнге ұрпақтарға үлгі болып жүрген бір топ ардагерлерге сыйлық ретінде билеттер ұсынылған болатын. Жуықта қала ардагерлер ұйымының белсенді өкілдері А.А.Романчук, С.Г.Кузина, М.Г.Мадэко, Т.Д.Шүйшинова, Ш.Какенова, Х.Е.Орынбасарова, С.Жолдыбаев, Л.А.Филиппова, Ш.Мырзахметова, Т.Досыбаев және М.Я.Ачиловалар төрағалары Жарасқы Қармысованың жетекшілігінде «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін тамашалауға барып қайтты. Ардагерлер ең әуелі Қазақстанның көрме







## КӨРСЕТИЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ ҮНЕМІ БАҚЫЛАУДА

Қазақстан Республикасының «Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша Департаментпен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша облыстың 40 мемлекеттік мекемесі мен ұйымдарына тексеру шаралары жүргізілді.

Аталмыш тексеру шараларының барысында 119205 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнама талаптарының бұзылу фактілері анықталды.

Мемлекеттік қызмет берушілер тарапынан жиі кездесетін бұзушылықтар ретінде келесілерді айтуға болады:

де келесілерді айтуға болады:

-мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартында көзделген құжаттардың толық топтамасы болмаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету фактілері;

-мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартында көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері;

-мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылу фактілері;

-мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманың өзге де талаптарының бұзылу фактілері, оның ішінде көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметтің регламентімен көзделген мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процесстерінің сақтамауы.

Тексеріс шараларының қорытындысы бойынша 39 мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жауапты әрі басшы лауазым иелері әр түрлі тәртіптік және әкімшілік жауапкершіліктерге тартылды. Оның ішінде, 4

## Мемлекеттік қызметтің жаңа түрі

нан аса адам қамтылды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған кешенді шаралар одан әрі қабылдана бермек.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет алу кезінде Сіздердің заңды құқықтарыңыз бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне келесі мекенжай бойынша Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары, 39, байланыс телефоны: 8/7212/50-40-66 хабарласа аласыздар. Біздің міндет – халыққа қызмет.

**Жүніс Жансерік Бұрханұлы,**  
*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы*

## Жас келсе – іске!

### «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫ

Қазақ халқында «Жас келсе – іске, кәрі келсе – асқа» - деген тағлымды мақал бар. Яғни, жастар қашанда еңбекке жақын болып, жүрген жерінде көмек қолын созуға дайын болсын деген сөз. Елбасының тапсырмасымен соңғы жылдары қолы бос жастар мен студенттерді жаз айларындағы еңбекке тарту, олардың жұмыс істеп, қаражат жинауына жағдай жасау мәселесі қолға алынып келеді. Соның бірі «Жасыл ел» еңбек жасақтарын ұйымдастыру болып табылады. Осындай еңбек жасақтары биыл да қаламызда ұйымдастырылып, еңбекке араласып кетті.

Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен «Жасыл Ел» еңбек жасақтары үстіміздегі жылғы маусым айының 1-жұлдызынан бастап 45 сарбаздан құралған 3 жасақ 3 айға (маусым, шілде, тамыз) жұмысқа жұмылдырылды. 2017-жылдың 3-маусымнан бастап 15 сарбаздан құрылған «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары өз жұмысын бастаған болатын. Жасақ құрамына жастарды жұмылдыру үшін 1 ай бұрын қала көшелеріне хабарландыру ілініп, қаламыздағы 16 мен 25 жас аралығындағы 45 жас өз

еріктерімен жұмыс істеуге ниет білдірді. Ашылу салтанаты 3 маусым күні көл жағасында серуен түрінде сөйіл құрып, сарбаздар жұмыстарын көңілді көңіл-күймен бастады. Сарбаздардың барлығына арнайы жұмыс киімі табысталды. Аталмыш жасақ қала аумағы бойынша 21,2 га. көлемінде тазалық жұмыстарын жасады. Дәлірек айтқанда, Балқаш көлінің жағалауын, көшелерді қоқыстан тазалау (Достық, Гвардейская, Балхаш, Космонавтов, Рахымжан Қошқарбаев, БСА, Кисунько және тағы басқа көшелер) жұмыстарын тиянақты жүргізді. 31-тамыз күні «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары жұмыстарының маусымы аяқталады.

«Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ инспекторы Сымбат Шералықызы Танатарова: «Жасақ жастары атқарған жұмыстарына қарай еңбек ақыларын алады және жұмыс барысында өздерінің еңбекқорлығын айқындап көрсеткен сарбаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттау жоспарлануда» дейді.

Н.ӨТЕП.

## Көп түкірсе – көл!

### АСАР – АТАЛАРДАН ҚАЛҒАН ИГІ ІС

Қазақ асарлату дәстүрі атамзаманнан келе жатқан жақсылыққа толы шара. Және қазақта жылу жинау деген де салт бар. Асар кезінде ағайын-туыс ғана емес, ауыл-аймақ түгел жиналып киіз басуға, құдық қазуға, малдың жүнін қыркуға, қора-қопсы салуға, қазақ отырғышы бола бастағанда қыш құйысып, үй салуға қол ұштарын беріп, көмектескен. Ол үшін бір тиын алмаған. Оның қарымы алғыспен немесе болашақтағы оған жасалатын асармен қайтып отырған. Ал жылу жинау – малы жұтқа ұшыраған немесе жұқпалы аурудан өлген, азынаулақ малын итқұс қырып кетіп тігерге тұяқсыз қалған, әйел алатын жігіттің қалыңмал төлейтін жағдайы болмаған, жетімсіздіктен қарызға батқан т.б. келеңсіз жағдайға ұшыраған кезде ағайын мен ауылдастың, ниеттес дос-жолдастың біргелікте және хал-қадерінше жасайтын жәрдемі болып табылады. Осынау игілікті іс кейінгі кезде сиырқұйымшақтанып, жоғалып бара жатқанын байқаймыз.

Өзіміз қалада тұрсақ та, мұндай жақсы істің әлі де бар екендігіне жуықта көзіміз жетті. Атап айтар болсақ, БСА көшесінің тұрғындары жақында үйлерінің алдындағы балалар ойнайтын алаңдағы қондырғыларды үйлеріндегі бар немесе базардан сатып алып берген бояу, шетка, резенке қолғап, басқа да қажетті заттарды жинастыру

арқылы шағын жөнеуден өткеріп, бояп, сырлап шықты. Оларға «Жасыл» ел жасағының жігіт-қыздары көмекке келді. Жастардың күннің қапырық ыстығына қарамастан жасап жатқан еңбегін бағалаған осы маңдағы үйлердің тұрғындары оларға бәліштерін пісіріп беріп, сусындарын ұсынды. Осындай асарлатудың арқасында балалардың ойын алаңының келбеті кіріп қалды. Осында тұратын қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева көрші-қолаңдарына ризашылығын білдіретінін айтты. Аталмыш 28-үй тұрғындары осыдан біраз жыл бұрын ортадан ақша шығарып, кіреберістеріне темір есік орнаттырған, пәтер алаңшаларын толық жөндеуден өткізген қаладағы алғашқы үй болғанын білеміз. Одан кейін осы игілікті істі басшы қызметтерде жүрген Берік Ахметовтің ұйымдастыруымен жалғастырған еді. Өздері тұрып жатқан пәтердің, үйдің ауласына, айналасының тазалығы мен абаттануына мән беретін, қала өміріне бейжай қарамайтын жандардың көп болғанына не жетсін. Жақсы істен үйреніп, аулаларымызды таза, көрікті етіп ұстауға көп болып көңіл бөлейік, ағайын! Бұл үшін жоғарыдан көмек күтіп отырмай, қазақтың бұрынғы жолымен асарлатып жіберсек, жетіп жатыр емес пе?!  
Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

## К сведению населения

### ИНФОРМАЦИЯ О ПРОВЕДЕНИИ РАЗЪЯСНИТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО ВНЕДРЕНИЮ ОСМС В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК

В рамках введения и реализации государственной системы «Обязательного социального медицинского страхования» в феврале 2017 года заместителем акима был утвержден сетевой график по организации разъяснительной работы с населением.

В соответствии с данным графиком по состоянию на 27 июня из 30 запланированных встреч проведено 30 встреч и, кроме того, 21 встреча вне графика. Итого 51 встречи. Охват населения составил **4624 человека (91%)**.

В целях обеспечения полноты предоставляемой населению информации о внедрении ОСМС, все встречи проводятся с участием заместителя акима города и спикерами города, Шагировым Н.М. и Тогузбаевой М.К., утвержденными управлением здравоохранения Карагандинской области.

#### Справка.

**Категория льготников освобожденных от уплаты в системе ОСМС:**

**Население города Приозерск на сегодняшний день 13228 человек, из них:**

**Несовершеннолетние - 3419 чел.**

**Участников ВОВ и инвалиды ВОВ – 4 чел.**

**Получатели пенсии и пособия – 1095 чел.**

**Инвалиды I, II и III группы – 120 чел.**

**Многодетные семьи (4 –х и более детей) - 178 чел.**

**Беременные – 217 чел.**

**Студенты – 251 чел.**

**Обладатели подвески «Алтын алка» и «Кумус алка» -149 чел.**

**Безработные – 99 чел.**

**Этнические казахи – 157 чел.**

**Лица имеющие гражданство РФ (офицеры РФ и члены их семьи) – 2500 чел.**

**С учетом вычета лиц, освобожденных от уплаты в системе ОСМС, подлежит охвату разъяснительной работой 755 человек. До 15 июля планируется провести 5 встречи с предполагаемым охватом 800 человек. Таким образом, разъяснительной работой будет охвачено все взрослое население города Приозерск которые будут участниками системы ОСМС.**

Информационная поддержка по внедрению ОСМС проводится через местную газету «Приозерский вестник». Всего за отчетный период было опубликовано 10 статей. В местах массового посещения населением (отделение Народного банка и в фойе городской больницы) установлены 2 стенда ролл-апов по тематике ОСМС.

Также, в целях полноты информационного охвата населения различных категорий, каждую субботу на центральной городской площади, в районе проведения городской ярмарки, проводятся разъяснительные работы по ОСМС, раздаются буклеты работниками городской больницы. Кроме того, в целях широкого информирования населения города на квитанциях коммунальных услуг были прикреплены листовки в количестве – 2000 шт. Дополнительно информация размещена в социальной сети КГУ «Центральной больницы города Приозерск».

Для жителей города круглосуточно работает номер «Служба поддержки пациента и внутреннего контроля 5-31-13».

С 28 марта 2017 года в городе Приозерск организована работа по определению статуса лиц, включенных в список. **Всего в список включен 2762 человек.** По состоянию на 26 июля 2017 года установлено, что в список включены:

- лица пенсионного возраста – 53;
- выпускники школ города, обучающиеся в средних и высших учебных заведениях города, области -131;
- граждане, выехавшие за пределы города -133;
- умершие граждане-11;
- индивидуальные предприниматели-2;
- работающие - 594, в том числе работающие без ОПВ - 120;
- в декретном отпуске по уходу за ребенком до 3-х лет-5;
- незарегистрированные безработные-90;
- безработные зарегистрированные в уполномоченном органе -12;
- непродуктивно самозанятые –647;
- несовершеннолетние дети -21;
- лица с ограниченными возможностями -0;
- автоматически актуализировано (статус определен) -968;



В систему «назначение социального статуса» внесено 2745 человека или 100%.

**Г. Шарбекова,**  
*руководитель отдела внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск*

**ОНДА КӨШЕТІН ЕЛ КӨП!..**

Шыны керек, туған жердің топырағының өзіне қарай тартып тұратын керемет қасиеті бар. Сондықтан жол – алыс, жер – шалғай болуына қарамастан, біраз мәселені сылтау етіп, елге қарай ат басын бұруға тура келеді. Быылғы сапарым қайынатамның қыркын өткізу және жуықта дүниеден өткен жеңгеннің отбасына көңіл айтуға бағышталды. Жолдың билетін ертерек алып қойып, мерзімінде аттанып кеттім. Жаң Президенттің билік басына келуіне байланысты Өзбекстанмен екі арадағы қарым-қатынас бұрынғыға қарағанда әжептәуір жеңілдеген. Бүгін жолға шыққан біз ертеңіне кешке диттеген жерімізге жетіп жығылдык. Сол күні қайынатамның қонағасын өткізіп, келесі күні таңертең қыркын берді. Күннің қатты ыстық болуына орай ол жақта садақа, құдай жолы секілді шаралар күн қызбай тұрып ерте өтеді екен.

Құдай жолы тараған соң өзін танитын, жақын-жуық кісілер үйдің көлеңкесіне төсек салдырып, бұл жақ пен ол жақтағы тіршілік туралы әңгіме-дүкен құруға кірістік. Олар Қазақстанда өтіп жатқан ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі және көші-қон мәселесі жайында көбірек сұрастырады. Білгенімді баяндап беріп отырдым. Әңгіме Өзбекстанда енді басталған жекешелдіру науқаны барысына ауысты. Жекешелдіру науқаны бізде тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ жүргізілген болса, бұнда жаңа Президент Ш.Мирзиявтің бастамасымен енді қолға алынған. Ұжымдық шаруашылықтар түгел таратылып, алдында малы бар шаруаларды ерікті, еріксіз жекешелену науқанына қатысуға күштеп жатырған көрінеді. Бір байқағаным, аталған жекешелендіруді жергілікті қарапайым халық түгілі, шаруашылық басшысынан бастап, мамандарға дейін толық түсінбейді. Үлкен шаруашылық ұжымының бас есепшісі болып келген досым осыны айтты. Тіпті науқанды үгіттеп жоғарыдан келіп жатқан өкілдердің өзі нақтылап ештеңені ұқтыра алмайтын секілді. Мәселен, ең кемі 200 бас ұсақ малды (қой, ешкі) жекешелендіріп алсаңыз сізге құддығыңыз, жайылымыңыз, суыңыз және малдың басы үшін 60, 65 миллион сум көлемінде алдын ала мемлекетке қаржы құюға тиіс боласыз. 200 бас ұсақ малдың басын әрең құраған шаруа иесі мұнша қаржыны қайдан табады деген заңды сұрақ туындайды. Қораларында бұрыннан жүз қаралы қой-ешкісі немесе 40-50 ірі қарасы бар адамдарға аудан басшылары жеке шаруашылыққа өтуге үндеген болады. Келіспесеңіз сол мандағы өріске мал жаюға тным салынып, 100 шақырымынан әрідегі елсіз қонысқа көшіретінін айтып қорқытады екен. Жекеге өтпей жатып салық пен мол қаражат төлеу мәселесі жекеге өтпекші болғандарды тығырыққа тіреуде. Айналып келгенде тек

қана мал шаруашылығымен айналысып келген, шөл және шөлейт аймақты мекендейтін қазақ ұлтының өкілдерінің көңілін үрей билеген. Кезінде қорасындағы малына сеніп отырғандар да, көшуге мұршасы болмағандар да Қазақстанға көшуге аса құштар болып отыр. Жинала сала көшіп кетуге көбінің жағдай жоқ, дерлік бәрі Қазақстандағы көші-қон орындарының құжаттамаларды рәсімдеу барысындағы қиындықтары мен бюрократтық әрекеттерін есітіп-біліп отырғандықтан содан да қорқады. Жалпы қиындық қыспағында қалып, шарасыз үй кешкен қандастарымызды көшіріп алуға, оларды ұжымдық және кешенді түрде ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақтарға қоныстандыруға Қазақстан мемлекеті тарапынан қолдау мен көмек қажет болып отыр. Олардың тілі мен жазуы жағынан қиындық тумайтыны анық. Ол үшін сол жаққа көші-қон органдары тарапынан өкілдер жіберіп, немесе сол жақтағы сауатты, ұйымдастырушылық қабілеті бар адамдар арқылы тізім жасап, көшіріп алатын аймақтарды белгілеп, қам жасау керек деп ойлаймын. Түбіміз бір туыскандарымызды тағдыр талкегіне қалдырып, қарап отыру ұлтымызға, халықтығымызға, елдігімізге, азаматтығымызға сын емес пе?!

Ол жақтағы осы кезде жүріп жатқан жекешелендіру нақанын ондағы жұрт қазақтарды осындай жолмен барынан айырып, тақырға отырғызу, өзбек байларына кіріптар етудің ішінара саясаты деп түсінеді. Малына күні қараған жұрт одан айрылса, еренгі күні қараң қалмақ. Азғана шамасы барлар осы кезде де көшіп келіп жатыр. Алайд оларды құшақ жайып қарсы алып жатқан ағайын болса да, құзырлы орындар жоқ...

Осы мақалада құдайдан жасырмағанды жасырғым келмей, бар көрген-білгенімді қаз-қалпында, ештеңе қосып-алмай, боямсыз баяндадым. Жақсысына – қуандым, жаманын көріп, суалдым. Қанша дегенмен, мені жарық дүниеге әкеліп, ғұмыр сыйлаған, азаматтық жасқа жеткенше, қызықты дәуренім өткен атамекеңім ғой, іздейсің, сағынасың, барасың!.. Қайда жүрсен де туған жерің мен еліңнің тілеуін тілейсің! Көшкен елдің жұртында қалғандардың жағдайы жақсарып, болашақта қатарымызға келіп қосылады деп үміттенесің!.. Сондықтанда бұйымтайым мен өтінішіме құзырлы орындар құлақ асып, қандастарының қан жылауына жол бермейді деп үміттенемін!.. Лайым, біздің тілегіміз бен үмітіміздің ақталуына бір құдай жар болғай!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі,  
ақын.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ШАПАҒАТ»  
ФОРУМЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ**

«Шапағат» форумы бұл :  
Өнертабыстар жәрмеңкесі;  
«Шапағат» өнертабыстар байқауы;  
«Болашақ сенің қолыңда : өнертапқыш және жасампаз бол» тақырыбында оқушылар арасында өткізілетін байқау «Шапағат» форумының ұйымдастырушылары ҚР Әділет министрлігі және «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚ.  
«Шапағат» өнертапқыштар байқауына өтінімдер (бейне роликтер) беру мерзімі : 2017 жылдың 26 сәуірінен 30 қыркүйегіне дейін  
Дауыс беру : 2017 жылдың 27 маусымынан 30 қыркүйегіне дейін  
Байқауды қортындылау : 2017 жылдың 15 қазаны  
Байқаудың қатысушылары : өнертабысқа, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге 2016 жылы берілген патенттердің патент иелері  
«Болашақ сенің қолыңда : өнертапқыш және жасампаз бол» тақырыбында оқушылар арасында өткізілетін байқауға қатысу үшін жұмыстарды (эсселерді) беру мерзімі : 2017 жылдың 26 сәуірі мен 30 қыркүйегі аралығында  
Байқауды қортындылау : 2017 жылдың 15 қазаны  
Байқауға Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары қатыса алады.  
Толығырақ ақпаратты <http://shapagat.kazpatent.kz/> сайтынан ала аласыздар.

**РЕКОМЕНДАЦИИ  
ДЛЯ ГРАЖДАН КАЗАХСТАНА,  
ВЬЕЗЖАЮЩИХ ЗА ГРАНИЦУ**

**Если Вы собрались поехать за границу, то следующие простые рекомендации помогут Вам избежать трудностей во время заграничной поездки.**

Перед отъездом сообщите родственникам, друзьям о своей поездке, месте пребывания, оставьте номера контактных телефонов.

Поинтересуйтесь заранее наличием в той или иной стране необходимых вам медикаментов. Нередко лекарства, которые легко можно купить в Казахстане, не производят за рубежом, либо можно купить по рецепту врача.

Будет предусмотрительным позаботиться о приобретении медицинского страхового полиса на период пребывания за рубежом. Его наличие позволит во время поездки застраховаться от несчастного случая и избежать затрат на непредвиденные медицинские расходы при наступлении страхового случая.

Находясь за границей соблюдайте местные законы, обычаи и традиции. Не забудьте, что знания основных фраз на языке страны пребывания облегчит Ваше путешествие.

Важно хранить паспорт и деньги в безопасном месте.

Желательно сделать копию документов, удостоверяющих личность и подтверждающих гражданство РК. Копии храните отдельно от оригиналов.

Не пренебрегайте постановкой на консульский учет, это поможет консулу оперативно связаться с Вами при форс-мажорных

обстоятельствах.

Старайтесь поддерживать связь с родными по почте, телефону или с помощью Интернета.

На сайте МИД РК [www.mfa.kz](http://www.mfa.kz) так же размещена дополнительная полезная информация.

На ряду с этим, желательно ознакомиться с дополнительной информацией о стране следования: политической обстановкой, климатическими условиями, законами и национальными традициями, особенностями поведения в общественных и иных местах.

В случае возникновения непредвиденных обстоятельств обращайтесь за помощью в ближайшее дипломатическое представительство или консульское учреждение Республики Казахстан.

**Так же МИД РК организована «горячая линия» для граждан РК за рубежом: 8 (7172) 72 04 72, 8 (7172) 72 01 11.**

Надеемся, что соблюдение Вами этих рекомендаций обеспечат приятное времяпровождение и комфортный отдых за рубежом.

**Желаем счастливой поездки!**

**А.Литош,**  
*Секретарь межведомственной комиссии по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными, с торговлей людьми при акимате города Приозерск*

**ОКАЗАНИЕ КАЧЕСТВЕННОЙ И  
ДОСТУПНОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ  
ЖЕРТВАМ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ ПРИ ИХ  
ОБРАЩЕНИИ В КГП «ЦЕНТРАЛЬНАЯ  
БОЛЬНИЦА Г.ПРИОЗЕРСК»**

**На основании Стандарта оказания социальных и медицинских услуг при обращении жертв торговли людьми оказываются следующие виды медицинских услуг.**

**Социально - медицинские услуги:**

Получение медицинской помощи в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи.

Оказание доврачебной медицинской помощи.

Медицинское консультирование профильными специалистами для своевременного выявления и лечения заболеваний у жертв торговли людьми.

Осуществление госпитализации жертв торговли людьми по показаниям врачей.

Оказание содействия в обеспечении по заключению врачей лекарственными средствами.

Проведение пропаганды здорового образа жизни.

**Социально - психологические услуги:**  
Психологическая диагностика и обследование личности.

Психопрофилактическая работа с жертвами торговли.

Психологическое консультирование.

Оказание психологической помощи жертвам, в том числе, беседы, общение, выслушивание, подбадривание, мотивация к активности.

Психологические тренинги.

Психологическая коррекция жертв торговли людьми.

Проведение занятий в группах взаимоподдержки, клубах общения.

**А.Литош,**  
*Секретарь межведомственной комиссии по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными, с торговлей людьми при акимате города Приозерск*

**НЕМНОГО ЮМОРА**

Ну почему современные технологии одновременно позволяют производить банки для пива, которые не разлагаются на свалке за 100 лет, и кузова

автомобилей, которые гниют за 3 — 4 года? \*\*\*

В параллельной вселенной: на операции

для больных детей выделяют деньги из бюджета, а на гонорары футболистам и их тренерам — собирают всем миром с помощью смс.

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) **Веб-сайт:** [www.prio-vestnik.kz](http://www.prio-vestnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 30/518. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.